

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті



Су факторымен байланысты аурулардың алдын алу жөніндегі шаралар.

Қабылдаған: Қуандықова Р.К.

Орындаған: Алсеитова.А.

ЖМ-901 F

Түркістан – 2021 ж

Жоспар:

I. Кіріспе:


II. Негізгі бөлім:

- ✓ Су ағзаның маңызды құрамдас бөлігі.
- ✓ Су факторымен байланысты аурулардың алдын алу.
- ✓ Санитарлық қорғау.

III. Қорытынды:

IV. Қолданылған әдебиеттер:

**Су организмнің маңызды
құрамдас бөлігі. Тірі
организмдерде барлық
химиялық реакциялар су
арқылы ғана өтеді. Тұз алмасу
су алмасумен тығыз
байланысты.**



Су зат алмасу реакцияларының белсенді қатысушысы. Ересек адамда су мөлшері оның дене салмағының $\frac{2}{3}$ (58-67%) құрайды.

Адам организмнің кейбір ұлпалары (бауыр, ми, тері) өз салмағының 70% су құрайды, басқалары (бұлшық ет, жүрек) — одан артығырақ — 76 – 80% құрайды. Қан 83% су ұстайды, басқа биологиялық сұйықтар (зәр, сілекей, тер) -95-99% жақын, лимфа — 90%, асқазан шырыны – 99,5 % судан тұрады.

Дүниежүзілік су қорының ластануы бүкіл адамзат қауымын алаңдатып отыр. Бұл мәселе Қазақстанға да тән. Су экожүйесінің ластануы түрліше жолмен жүзеге асады. Қазіргі кездегі су айдындарының ластануын былайша топтастырады:

— биологиялық ластану: өсімдіктер, жануарлар, микроорганизмдер мен бактериялар;

— химиялық ластану: уытты заттар және сулы ортаның табиғи құрамын бұзатындар;

— физикалық ластану: жылу өткізу, электромагнитті өріс, радиоактивті заттар.

Жер бетіндегі судың жалпы мөлшері 14 млн км³ шамасында.
Бірақ қолданыста жарамды тұщы сулардың стационарлық қоры
гидросфераның 0,3% көлемін ғана алып отыр.



Біздің жер шарымызда су үнемі айналымда болады. Дүние жүзі мұхиттарының бетіне жылына шамамен 412 мың м³ су буланады, ал оларға қайта түсетін жауын-шашын жылдық мөлшері 310 мың км³ шамасында болады.

Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұжымының мәліметтері бойынша күнделікті өмірде пайдаланатын ас суы сапасының төмен болуы салдарынан жыл сайын 5 млн адам өліп отырады.



Нашар сумен қамтамасыз етуіне байланысты жыл сайын 500 млн-ға дейін тұрғындардың инфекциялық ауруларға шалдығу жағдайлары кездеседі.

Осындай және болашақта туындайтын мәселелерге байланысты тұрғындарды сапасы жоғары сумен қамтамасыз ету қазіргі кезде басты мәселелердің бірі болып отыр.



Ауыз су әрқашан орнатылған ГОСТ мен стандарттарға сай болуы қажет. Ауыз суға арналған бірнеше стандарттар бар:

— ГОСТ және арнайы анықталған нормаға сәйкес келетін Қазақстандық стандарт;

— Ресей стандарты;

— Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұжымының стандарты;

— АҚШ және Еуропалық одаққа кіретін елдердің стандарты.

Су тұтынуға байланысты әр түрлі аурулардың алдын алу мақсатында, гигиена мамандары ауыз су сапасына қойылатын бірқатар талаптар дайындады:

**Ауыз су
эпидемиялық және
радиациялық
жағынан қауіпсіз
болуы тиіс.**

Біріншіден



**Химиялық құрамы
жағынан зиянсыз
болуы керек**

Екіншіден



**Органолептикалық
қасиеттері түсі исі
жаңымды болу керек**

Үшіншіден



Бұл талаптар келесі іс-шаралар кешенін орындау нәтижесінде жүзеге асырылады:




Ішек инфекцияларының таралуында су факторы маңызды рөл атқарады. Әсіресе холера ауруының таралуында. Судың ластануы вирусты жұқпалы аурулардың себебі болуы мүмкін. Вирусты инфекциялардың қоздырғыштарына жұқпалы гепатит вирусы, энтеровирустар және аденовирустар жатады.

Судың ластануының химиялық факторы және халықтың аурушаңдығымен байланысты.

Биосферада көп таралуына қарамастан, су көздерінде анықталған химиялық заттардың көбісі өнеркәсіп қалдықтарынан түскен заттар. Химиялық қосылыстардың улылығы, олардың химиялық және физикалық формасына, ағзаға түсу жолдарына, дозасына және әсер ету ұзақтығымен адамдардың жасына, жынысына байланысты.

Холера

Холера «тырысқақ»-*Vibrio cholerae* қоздырғышымен шақырылатын ,эгзотоксиннің әсерінен сулы-электролитті диареямен және оның нәтижесінде туатын сусыздану синдромымен жедел өтетін аса күіпті ішек антропонозды инфекциясы. Ауру кезінде адам 40 литр сұйықтықты жоғалтады . Жылына 3-5 миллион адам тырысқақ ауруына шалдығып 100-150 мың адам өледі. Көбінесе 3-5 жастағы балдар аурады.



Су факторымен байланысты аурулардың алдын алу.

Халықтың аурушандығының судың сапасына байланыстылығын зерттеу үшін, ластаушы көздерін анықтайды (ағынды сулардың су көздеріне түсуін, қатты қалдықтарды жинауды, сүзу және суару далаларына жақындығын). Сонымен қатар (ластаушы көздерінен алыстау жерден) қорытынды учаскелерін таңдайды. Жер беті су көздерінің ластануын зерттеу үшін, Қортынды пункттерін таңдайды: ағынды сулардың түсу орындарынан төмен жерде, және ластауыш көздерінен жоғары жерде (Қорытынды учаскесі); Судың сапасының санитарлық-химиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, гельминтологиялық көрсеткіштерін және улы металлдарға зерттейд.

Қорытынды:

Су организмнің маңызды құрамдас бөлігі.

Жер беті 70% судан тұрғанымен тұщы судың қоры аз.

Сондықтан оны үнемді пайдаланып, таза ұстау керек.

Пайданылған әдебиеттер:

- Токанова Ш.Е
- Жандаулетова М.Б «жалпы гигиена»
- Торгаутов Б.К «Жалпы гигиена»
- А.М.Большаков «Жалпы гигиена»

Назарларыңызға рақмет!!!